

NEBOSH & IOSH STEP сертификаттары КПО қызметкерлерінде

КПО компаниясының 23 жергілікті қызметкері өндірісте ТҚ бойынша британиялық ұлттық емтихан коллегиясының әлемдегі көптеген өндірістік компаниялары пайдаланып көрген және қажет деп тауып отырған NEBOSH (өндірістегі ТҚ және ЕБ стандарттары бойынша Халықаралық кеңес) бағдарламасы бойынша оқуларын аяқтап шықты.

Бұдан басқа КПО компаниясының 18 жергілікті қызметкері IOSH STEP бағдарламасы бойынша оқу курсы аяқтады. IOSH – Король Декретімен құрылтайшылық етілген ТҚ және ЕБ кәсіби мамандарының әлемдік ұйымдарының бірі болып табылатын өндірістегі еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігінің британдық институты. IOSH институтының мақсаты жоғары сапалы техникалық біліктілік және кәсіпкерлік әдеппен қамсыздандыру арқылы осы мекеме мүшелерінің жұмыстарын таныту мен сенімділіктерін нығайтып, тұрақтандыру болып табылады. Әлем бойынша танылған бұл курс КПО компаниясының пайдаланып отырған процедураларына орай өндірістік кәсібіне төселдірілгенін атап өту керек. Курс 5 теоретикалық сабақ пен 5 практикалық жаттығудан тұрады және кәсіби дағдылар аттестациясымен аяқталады.

Осы айтулы күнге орай КПО компаниясы Ақсай қаласының «Ренко» қонақ үйінде NEBOSH & IOSH STEP түлектеріне сертификат тапсырудың салтанатты рәсімін өткізді. Салтанатты рәсімге КПО компаниясының басшылары мен КПО қызметкерлері үшін осы оқуды жүргізген



тренингтік компанияның өкілдері қатысты.

NEBOSH халықаралық бағдарламасы бойынша оқу өте терең және техника қауіпсіздігі саласы қызметкерлері үшін жеңіл де бағдарлама емес. Техника қауіпсіздігі бөлімдерінің қызметкерлері өте маңызды кадрлар және өз компанияларының мақтаныштары болып табылатыны белгілі. Олар өздерінің осы жоғары кәсіби қызметінде компания қызметкерлерінің өмірі мен оның мүлкін кенеттен болатын қайғылы жағдайлар мен төтенше оқиғалардан сақтап қалады. Техника қауіпсіздігі қызметкерлері газ өндіру кезінде қауіпті жағдай мүмкіндігін азайтады. Олардың ең басты міндеттерінің бірі бақытсыз жағдайдың алдын алу.

Олардың күн сайынғы тынымсыз еңбегінің арқасында КПО-ның барлық қызметкерлері өздерінің денсаулықтары мен қауіпсіздіктеріне алаңдамай жұмыс орындарында еңбек етуде. Техника қауіпсіздігі қызметкерлерінің иығында КПО-ның барлық қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына деген үлкен жауапкершілік жүгі жатыр. Кез-келген дұрыс жасалмаған істі жөндеуден гөрі оның алдын алу әлдеқайда арзанға түседі. Сондықтан да бұл саланың мамандары өте білімді болулары керек және қауіпті жағдайлардың алдын алу мен оны жоюға байланысты әртүрлі жағдайларда шапшаң әрекет ететін дағдылары болуы тиіс. Халықаралық NEBOSH сертификаты Халықаралық NEBOSH Жалпы Серти-

фикаты курстарында игерген білімдерін пайдалана отырып еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі саласының кәсіби мамандарын даярлауға ықпал жасайды. Жұмыс орнына қарамастан бұл диплом өз оқушыларын ЕҚ мен ТҚ бойынша мамандардың мансабы өсуі үшін қажетті тәжірибе мен біліммен қамтамасыз етеді. Сол сияқты Халықаралық NEBOSH дипломы ғылыми магистр дәрежесінің немесе басқа да арнаулы білім алу үшін тұрақты негізді қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты КПО компаниясы жыл сайын өз қызметкерлерін NEBOSH халықаралық сертификаты бағдарламасы бойынша оқытады. Бұл компания басшыларының өз қызметкерлерінің қауіпсіздігі жөнінде ойлайтыны мен олардың кәсібилігін үнемі көтеріп отыратындығының жарқын белгісі болып табылады. Халықаралық NEBOSH Дипломы тренингінің қатысушылары қатаң талаптар арқылы таңдап алынады, солардың бірі Халықаралық NEBOSH IGC Сертификатының болуы міндетті.

Халықаралық NEBOSH сертификатын Тәуекелдерді Басқару мен Қауіпсіздіктің Халықаралық Институты осы ұйымның толыққанды мүшелігінің шарттарының бірі ретінде мойындайды.

2010 жылдың 4 маусымындағы шетелдік инвесторлар Кеңесінің отырысында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жоғары және кәсіптік-техникалық оқу деңгейлеріне халықаралық стандарттарды енгізу міндетін қойған еді. Осылайша КПО компаниясы 2008 жылдан бері бұл бағытта жемісті жұмыс жасап келе жатқанын мақтан ете алады.

КПО-ның қалдықтарды қайта өңдеу және оны екінші қайтара қолдану жобасы

2001 жылдан бастап КПО қағаз қалдықтарын екінші рет қайта пайдалану үшін жинау жөніндегі жаңа жобаны жүзеге асыруға кірісті. Бұл жобаның бастамашысы және жүзеге асырушысы КПО-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі корпоративті бөлімі болып табылады. Бұдан басқа бұл жобаға ЕБ, ТҚ және ҚОҚ сервистік қызмет көрсету бөлімдері, инфрақұрылым мен сервистік қызмет көрсету, КПО-ның экологиялық орталығы, сол сияқты КПО-ның бас кеңсесінің, Қазбұрғаздың, КВЧ мен Оқу орталығының барлық қызметкерлері қатысады.

Қағаз қалдықтарын қайта өңдеу әлемдегі қалдықты жоюдың ең кең тараған тәсілі болып табылады. Бұл ірі жобаны жүзеге асыру мақсатында КПО компаниясы қағаз қалдықтарын қайта өңдеу үшін «Павлодар картон-рубериод» зауыты АҚ республикалық кәсіпорнымен келісім жасады, сол сияқты жергілікті «РегионГазЖобалау» компаниясымен КПО нысандарынан қағаз қалдықтарын жинау мен «Павлодар картон-рубериод» зауытына жеткізу үшін келісім-шартқа отырды.

Бұл жобаны жүзеге асыру идеясы бұрыннан бар болатын. КПО республикадағы мыңдаған адам жұмыс жасайтын ірі компаниялардың бірі екені белгілі. Бәрлі ауданындағы ең үлкен жұмыс беруші ретінде КПО жыл сайын 100 тоннадан астам қағаз пайдаланады. Қағаз қалдықтары КПО-дағы коммуналдық қатты қалдықтардың негізгі бөлігін құрайтынын статистикалық мәліметтер көрсетіп отыр. Күн сайын компанияның кеңселерінде қағаз қалдығы көптеп жиналып қалады.

Қағаз қалдығын қайта өңдеу КПО-ның табиғат қорғау шараларының жоспарлы бір бөлігі екендігін және оның экологиялық заңнамалар талаптарына сай екендігін атап айтқан жөн. ISO 14001 талаптарына сәйкес КПО өндірістік және коммуналдық қалдықтарды жоюды міндетіне алады.

Бұл жерде компания үшін де, қала мен оның тұрғындары үшін де экономикалық және әлеуметтік жағынан пайдалы екендігі анық. Бұл дегеніміз, қағаз қалдықтарын бөлек жинауды күнделікті практикаға енгізу, жыл сайын өсіп келе жатқан электр қуаты

мен табиғи ресурстарды үнемдеу. Бұдан басқа қоқыс төгетін орынға таситын қалдықтар көлемі азаяды. Кез келген қалдықтың оның өндірісіне жұмсалған белгілі бір дәрежеде қуаты бар, демек қуат алу үшін қалдықтарды пайдалану бар энергоресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал ең бастысы - жаңа қағаз жасау өндірісі үшін пайдаланылатын қуатты азайту жолы арқылы қоршаған ортаны қорғауға үлес қосу.

Осы жобаның ұйымдастырушыларының айтуы бойынша екінші рет өңдеуді жүзеге асыру үшін КПО-ның әрбір кеңсесінде, Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде (КПК), КПО-ның төрт әкімшілік ғимаратында: Бас кеңседе, Қазбұрғаз бен КВЧ-да және Оқу орталығында көшірме жасаушы жабдық орналасқан бөлмелерде қағаз қалдықтарына арналған арнайы жәшіктер орнатылады. Аталған кеңсенің еден жуушылары жәшіктердің тазалығын қадағалайтын болады. Әрбір ғимаратқа арнайы жасалған қағаздарды уақытша сақтауға арналған орын болады. Қағаз қалдығын тасу бойынша мердігерлік компания «Регион ГазЖобалау» уақытша сақталған жерден белгілі бір уақытта алып, оны «Павлодар картон-рубериод» зауытына жеткізіп отырады.

Осы жобаның бастамашылары компанияның барлық қызметкерлеріне жобаны қолдауға, тек жұмысқа қажетті қағазды ғана басуға, қағаздың екі бетін де пайдалануға, пайдаланылған қағазды жазу үшін қолдануға шақырды.

Қағаз қалдықтарының отандық технологиясында оны негізінен целлюлоза-қағаз өндірісінде қағаз бен картонның түрлерін жасауға пайдаланады. Дамыған елдерде қағаз қалдығы целлюлоза-қағаз өндірісінде талшықты шикізаттың маңызды көзі болып табылады. Шет елдердегі қағаз қалдығын пайдаланып шығаратын негізгі өнім түрлері мыналар: қаптауға арналған қағаз бен картон түрлері, газетке арналған, жазуға арналған және санитарлық-гигиеналық қағаздар. Құрылыс материалдары өндірісінде қағаз қалдығын төбе жабынына, судан қорғаушы және жылу ұстаушы материал ретінде пайдаланады.

Жеңімпаздардың аттары жарияланды

КПО компаниясы 2010 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ жөнінен көтермелеу сыйақысын алған жеңімпаздардың аттарын жариялады. КПО компаниясының марапатқа ұсынған қызметкерлерінің жалпы саны 10 адам.

Үздік жеке профилактикалық бақылау:

1. Виктор Блинов (КПО, ұңғымалық операциялар бөлімі);
2. Зинулла Мұқанов (КПО, ұңғымалық операциялар бөлімі);
3. Салават Хайсаров («СайПар», ұңғымалық операциялар бөлімі);
4. Серік Қалиев (КПО, өндіру мен материалдық-техникалық қамту бөлімі).

КПО қызметкерінің ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша үздік жеке көрсеткіші:

1. Жолдасқали Күзенбаев (КПО, өндіру мен материалдық-техникалық қамту бөлімі).

Мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша үздік жеке көрсеткіші:

1. Каталин Талпос («Бонатти», ГП 2);
2. Ион Дарабан («Бонатти», ГП 2);
3. Александр Чмырь («Групп-4», қауіпсіздік қызметі бөлімі).

Үздік кәсіби жүргізушілік көрсеткіші:

1. Болат Баймұқанов («Автомобиль», инфрақұрылым транспорты мен сервистік қызмет көрсету бөлімі, жүргізуші);
2. Станислав Кравцов («Хертц», инфрақұрылым транспорты мен сервистік қызмет көрсету бөлімі, жүргізуші).

Үйлестіру Комитетінің атынан КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази жеңімпаздарды құттықтап, барлық қатысушыларға күнделікті жұмыстарын атқара жүріп ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ қосқан үлестері үшін алғыс айтты.

«Новости Карачаганак» газеті де барлық номинанттар мен марапаттау рәсімінің жеңімпаздарына құтты болсын айтады.



КПО компаниясы Атыраудағы семинарда

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен мұнай және газ министрлігінің бастамасымен Атырау қаласында 4-5 қараша күндері мұнайгаз саласындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен онда мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру атты семинар өткізілді. Семинарға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Мұнай және газ министрлігінің, прокуратура, жергілікті органдар басшылары мен республикалық мұнайгаз саласы мекемелерінің, аумақтық органдардың басшылары, сол сияқты әлеуметтік әріптестердің өкілдері қатысты. Мұнайгаз саласында жұмыс жасайтын басқа да компаниялармен бірге семинардың жұмысына КПО-ның делегациясы да қатысты. Делегацияның құрамындағылар: Виккардо Бандини, Маканова Айгүл, Карабапинова Рано, Жалмағамбетов Каримолла, Истаев Арман, Ивашев Ильдар.

Семинарға Швеция, Норвегия, Бельгия, Нидерланд, Италия, Ресей, Қытай, Қазақстан, Әзербайжан, Америка, Канада және тағы да басқа мемлекеттердің ірі мұнайгаз компанияларының өкілдері қатысты. Басшылар арасындағы, сол сияқты семинардың басқа қатысушылары арасындағы тәжірибе алмасу жылы достық қарым-қатынаста өтті. Семинарды өткізудің басты мақсаты – компаниялардың адам денсаулығына зиянды және қауіпті жағдайларда жұмыс жасайтын қызметкерлерінің денсаулығын сақтау мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Бақытсыз жағдайлар мен жарақаттанудан, сол сияқты жұмыс орнында сырқаттанудан



сақтандыру - ерекше маңызды фактор екендігі атап айтылды. Қатысушылар шетелдік әріптестер мен қазақстандық мұнайгаз компанияларының жұмысынан көптеген қызықты жағдайларды білді. Бірінші күні конференцияның ұйымдастырушылары сөз алды: Қазақстан Республикасының мұнайгаз министрінің орынбасары, Атырау облысы әкімінің аппарат басшысы, Халықаралық еңбек ұйымының маманы, сол сияқты «Шелл», «ҚазМұнайГаз», «Ад-

жип», «ӨзенМұнайГаз», КПО, ПНПЗ, тағы басқа да көптеген компаниялардың өкілдері баяндамалар мен тұсаукесерлер жасады. Қатысушылар өздерінің күнделікті жұмыстары кезіндегі қызықты сәттер мен істерді әңгімеледі. Конференцияның ұйымдастырушылар шешендерге сұрақтар қойып отырды. Конференцияға барлығы 120 адам қатысты. КПО компаниясы атынан конференцияда корпоративті

бөлімнің менеджері Виккардо Бандини «КПО-ның жұмысындағы қауіп-қатерді бағалау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері» атты баяндама жасады. Виккардо Бандини өз баяндамасында КПО компаниясында жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын қауіп-қатерді бағалау тәсілдері туралы егжей-тегжейлі ақпарат берді. Қауіп-қатерді бағалау – КПО-ның өндірістік нысанында қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз етудің аса маңызды кезеңі. Ал ол жобаларды жүзеге асырудың барлық кезеңінде сәйкесті тәсілді және сәйкесті ресурстармен қамтамасыз ету жолын таңдап алу арқылы орындалуы керек. Конференцияның екінші күні қорытындысында «Аджив КСО» компаниясының оқу орталығына экскурсия жасалды. Онда жас мамандар өздерінің ақпараттық-техникалық және мұнайгаз өндірісіндегі жаңа техникалық жетістіктерімен бөлісті.

Ақсайда бокстың өркендеуі туралы

Ақсайлық былғары қолғапшылар өз табыстарымен аудандық, республикалық қана емес, халықаралық деңгейдегі жарыстарда да көзге түсе бастады. Бұл бөрінен бұрын Бөрлі ауданы әкімшілігінің үздіксіз жүргізген әлеуметтік саясатының жемісі, сондай-ақ спорттың осы түріне шын берілген және осы өнердің ары қарай дамуына жан-тәнімен құштар бірнеше энтузиастардың арқасы. Әсіресе Бокс федерациясын IGS компаниясының президенті Болат Сәрсенов басқарғалы бері Ақсайда бокс өзінің ары қарай дамуы үшін ерекше күш алғанын атап айтуымыз керек. Әрине, бокстың өрістеуі көбіне көп онымен айналысуды сүйетіндерге байланысты болып жатады. Сонымен бірге бүгінгі таңда спорттық мекемелер мен бапкерлердің, спорт жарыстарын ұйымдастырушылардың жергілікті билік орындарымен қарым-қатынаста жұмыс істеп отырғанының жиі куәсі болып жүрміз. Спорттың осы түрімен шұғылданып жүрген жасөспірімдердің саны жыл сайын артып келеді. Бұл жерде федерацияның вице-президенті Қадырбек Жандосыновтың, федерацияның құрметті мүшесі Исмаил Құсмановтың, сол сияқты федерацияның Нұрбол Бекбауов, Әділбек Айсағұлов, Орынбасар Кушев сияқты басқа мүшелерінің еңбегі зор. Жалпы Ақсайда бокстың кең қанат жаюы 1990 жылдың қыркүйегінен басталды. Сабақтар №15 СПТУ-дың спорт залында кешкі 18-ден 20-ға дейін жүретін. Ақсай боксының тарихында ең бірінші рет Руслан Искалиев Қазақстан Республикасының 1993 жылы Жезқазғанда жасөспірімдер арасында өткізілген чемпионатының жеңімпазы болды. 1997 жылы Ақсайда алғаш рет «Дружба» халықаралық турнирі ұйымдастырылды. Бұл

турнирді өткізуде «Кристина» спорт клубының директоры Барлық Меңдіғазиевтің еңбегі үлкен. 1998 жылы Ақсайда ауданның бұрынғы әкімі Ф.И. Дүйсембаевтың қолдауымен «Олимп» бокстың спорт клубы ашылды. 1999 жылы Бөрлі аудандық Бокс федерациясы қоғамдық бірлестігінің ресми ашылуы болып өтті, онда федерация президенті болып Ж.Ш. Өтебалиев сайланған еді. Жыл сайын Бокс федерациясы, аудандық спорт бөлімі «Достық-Дружба» кубогы үшін халықаралық турнир өткізілетінін айтуымыз керек. Онда қазақстандық спортшылармен бірге Ресей мен Беларусьтың, Қырғызстанның, Башқұртстанның, Өзбекстанның былғары қолғапшылары да қатысады. Ақсай қаласында халықаралық турнирлер өткізу жөнінде айтар болсақ, Ақсай тамаша халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізу орны болып қалыптасты. Бұл біздің қаламыздың спорттағы беделінің ескенін көрсетеді. Кәсіби төрешілік, құрмет дипломдары мен ескерткіш сыйлықтар, рингтегі нағыз жауынгерлік азарт ақсайлықтарды жыл сайын осындай жарыстар өткізу қажеттігіне сендірді. Ақсайдың құрама командасында болашағынан үлкен үміт күттіретін спортшылар да көптеп саналады. Мәселен, 1999 жылы жасөспірімдер арасында Ақсай боксының тәрбиеленушісі Серік Шарупов Қазақстан чемпионы болды. Яғни ол бүгінде ҚР спорт шебері. 2003 жылы жастар арасындағы ҚР чемпионы Чингизхан Умаров болды. 2004 жылы жастар арасында ҚР чемпионы болып Айғали Ирралиев атанды. 2006 жылы кәдеттер арасында ҚР Чемпионатының күміс жүлдегері Адильхан Тажғали болды. 2008 жылы Жанат Тюльбаев бүкілресейлік «А» классы турнирінің жеңімпазы атанып және ҚР спорт шебері нормативін орындап шықты. 2010

жылы Орал қаласында өткен олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимовтың жүлдесі үшін Халықаралық «А» классы турнирінің жеңімпазы болып Алмазбек Урынғалиев танылды, ол да ҚР спорт шебері нормативін орындады. Спортшылардың жеңісі тек боксшылардың ғана емес, олардың тәлімгерлерінің, бапкерлерінің де жеңісі. Оқу-бапкерлік және тәрбиелік жұмысы үйрету-тәлімгерлік процесінің қалай жолға қойылғанына тікелей байланысты. Сондықтан да бапкерлерге, спортшы жастардың тәрбиешілеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Жалпы, материалдық-техникалық базаның нығаюы, оқу-жаттығу жиындарына өткізуді қамтамасыз ету шығындары, боксшылардың жоғары деңгейдегі жиындар мен жарыстарға қатысуы – бұның барлығы да спортқа деген, дене тәрбиесіне деген жаңаша көзқарастың дәлелі. Бөрлі ауданының Бокс федерациясының басшылығы боксты өркендету үшін инвестиция тартуға, жайлы демеушілік орта құрып, ауданда бокс жүйесінің жұмыс жасауына материалдық қолдау көрсететін адамдар мен ұйымдардың санын арттыруға ұмтылуда. Солай бола тұрса да Ақсайда бокстың қанат жаюына кедергі келтіріп отырған күрделі проблемалар туралы да айтпай кетуге болмайды. Жасөспірім спортшылар шынығатын «Олимп» спорт клубы орналасқан үй жеке кәсіпкерге сатылып кеткен. Ал спортшылардың бұл ғимаратты жалға алғаны үшін төлейтін қаражаттары жоқ. Сондықтан да Бокс федерациясы Ақсай қаласының барлық ұйымдары мен компанияларынан демеушілік көмек көрсетулерін, ауданда боксты дамытуды қолдауларын, сөйтіп балғын спортшыларға – болашақ чемпиондарға көмек көрсетулерін сұрайды. Бокстың дамуындағы ең мықты және пайдалы дәстүр - бір орында қозғалмай тұрып қалмау, әйтпесе, соққы аласың. Бұл спорттық шеберлік ережесіне де сай келеді. Бұл дәстүр үнемі қозғалыстың, жаңарудың кепілі. Бөрлі аудандық боксшылар қоғамдастығы да осыған ұмтылып келеді.

Болашақ мамандыққа ағылшын тілі арқылы

Ақсай қаласындағы №3 мектепте «Меридиан» клубының кезекті отырысы болып өтті. Биылғы оқу жылында екінші рет өтіп отырған «Меридиан» клубының отырысы өткен отырыстағы «Мен жазды қалай өткіздім» атты тақырыпты талқылауды ары қарай жалғастырды. Көптеген оқушылар жазда әртүрлі елдер мен қалаларға қыдырып барған. Отырысты мектептегі «Меридиан» клубының жетекшісі Светлана Яковлевна Акиева ашты. Клубтың отырысына КПО-дан келген қонақтар Николас Лайн, Симон Райли, Майк Хадфилд, Сеймз Дастин, Люси Бернс пен Айгүл Каллиолдина қатысты. Оқушылардың КПО қызметкерлерімен кездесуі осы қонақтардың арқасында жүзеге асқан еді. «Меридиан» клубының барлық отырыстары ағылшын тілінде өтеді. Кездесудің басында қонақтар өздерін таныстырып, өздерінің жұмыстары жайлы айтып берді. Ал оқушылар болса өздерінің жазды қалай өткізгені жайлы тамаша әңгімелеп берді. Олардың таныстыру-әңгімелерінің барлығы да ағылшынша жатық, мағлұматтарға толы, әсерлі шықты. Осындай әрбір әңгімеден кейін сұрақтар қойылып, пікір алмасылды. Әрине, барлығы да мақтауға тұрарлықтай даярланған, әйтсе де кейбіреулерін ерекше бөліп айтуға бола-

ды. 11 сынып оқушысы Урсенова Нелли АҚШ-тағы тіл мектебіндегі оқуы жайлы қызықты етіп қызыл-жасыл слайдтарымен көрсетті. Тамирлан Имашев өзінің Ақтөбе қаласына сапарында сол қаладағы тарихи орындар мен ескерткіштерді суреттей отырып, туған Қазақстанына деген махаббатын білдірді. Барлық қатысушыларға 11 сынып оқушысы Досжан Қасеннің таныстыру-әңгімесі ұнады, ол Нью-Йорк пен Вашингтонның әсем жерлерін түсірген екен. БҰҰ жанындағы Қазақстан Өкілеттілігіне барғаны туралы да әңгімелеп берді. 10 сынып оқушысы Алла Акиева өзінің Ресейге сапарын әңгімеледі, оның слайдтары да әдемі юмормен үлкен махаббатқа толы жасалған. Сонымен бірге Алматыдағы тіл мектебіндегі оқуы жайлы да әңгімелеп берді. Ал Каир Байчеркешев жазды Мальтадағы тіл мектебінде ағылшын тілін үйренумен өткізген. Отырысқа қатысушыларға Карина Абулхайрованың таныстыру-әңгімесі қатты әсер етті. Ол АҚШ-та студенттер алмасу бағдарламасы бойынша оқыған. Карина ағылшын тілінде ағып тұр, АҚШ өмірінен жасалған слайдтары өзгеше әсер қалдырады. Кездесуден кейін оқушылар топтарға бөлініп, достық қарым-қатынасты жалғастырды. Клуб мүшелері КПО-дан келген қонақтарға Ұлыбританияның мәдениеті, дәстүрлері туралы түрліше сұрақтар қойды. Қонақтардың

қызмет орындары, отбасылары, сол сияқты Қарашығанақ кен орнында қандай мамандықтар көбірек қажет етілетіні туралы да әңгіме болды. Оқушыларды бұл әңгіме қызықтырғаны көрініп тұрды. «Меридиан» клубының отырысына қатысушылардың әңгімелерінен түсінгеніміз олар клубқа шын ынталарымен қатысады екен. Әрі әрбір кездесуге шығармашылықпен дайындалады екен. Меруэт Алмағамбетова мен Тамерлан Имашев өз клубтарын сүйетіндерін, әрбір отырысқа қуана-қуана қатысатындарын айтты. Өйткені мұнда олар өз қатарларымен араласады, ағылшын тілінде сөйлеуге жаттығады, ой-өрістерін кеңейтеді. Балалар үшін әсіресе, клубқа шетелдік қонақтардың келуі өте маңызды, өйткені ол ағылшын тілінде таза сөйлеуге деген нақты мүмкіндік. Оқушылардың барлығы да клуб жұмысына өз үлестерін қосқылары келеді. «Меридиан» клубының өз жұмысын жалғастырып келе жатқаны және оған қатысушылардың көбейіп келе жатқаны өте маңызды. КПО-дан келген қонақтар клуб мүшелерінің ағылшын тілінде жоғары деңгейде сөйлей алатындарын атап өтті, ал өз кезегінде оқушылар КПО Б.В. қызметкерлеріне кездесуге келгендері үшін алғыс айтып, «Меридиан» клубының кезекті отырысына шақырды.

қызмет орындары, отбасылары, сол сияқты Қарашығанақ кен орнында қандай мамандықтар көбірек қажет етілетіні туралы да әңгіме болды. Оқушыларды бұл әңгіме қызықтырғаны көрініп тұрды. «Меридиан» клубының отырысына қатысушылардың әңгімелерінен түсінгеніміз олар клубқа шын ынталарымен қатысады екен. Әрі әрбір кездесуге шығармашылықпен дайындалады екен. Меруэт Алмағамбетова мен Тамерлан Имашев өз клубтарын сүйетіндерін, әрбір отырысқа қуана-қуана қатысатындарын айтты. Өйткені мұнда олар өз қатарларымен араласады, ағылшын тілінде сөйлеуге жаттығады, ой-өрістерін кеңейтеді. Балалар үшін әсіресе, клубқа шетелдік қонақтардың келуі өте маңызды, өйткені ол ағылшын тілінде таза сөйлеуге деген нақты мүмкіндік. Оқушылардың барлығы да клуб жұмысына өз үлестерін қосқылары келеді. «Меридиан» клубының өз жұмысын жалғастырып келе жатқаны және оған қатысушылардың көбейіп келе жатқаны өте маңызды. КПО-дан келген қонақтар клуб мүшелерінің ағылшын тілінде жоғары деңгейде сөйлей алатындарын атап өтті, ал өз кезегінде оқушылар КПО Б.В. қызметкерлеріне кездесуге келгендері үшін алғыс айтып, «Меридиан» клубының кезекті отырысына шақырды.

қызмет орындары, отбасылары, сол сияқты Қарашығанақ кен орнында қандай мамандықтар көбірек қажет етілетіні туралы да әңгіме болды. Оқушыларды бұл әңгіме қызықтырғаны көрініп тұрды. «Меридиан» клубының отырысына қатысушылардың әңгімелерінен түсінгеніміз олар клубқа шын ынталарымен қатысады екен. Әрі әрбір кездесуге шығармашылықпен дайындалады екен. Меруэт Алмағамбетова мен Тамерлан Имашев өз клубтарын сүйетіндерін, әрбір отырысқа қуана-қуана қатысатындарын айтты. Өйткені мұнда олар өз қатарларымен араласады, ағылшын тілінде сөйлеуге жаттығады, ой-өрістерін кеңейтеді. Балалар үшін әсіресе, клубқа шетелдік қонақтардың келуі өте маңызды, өйткені ол ағылшын тілінде таза сөйлеуге деген нақты мүмкіндік. Оқушылардың барлығы да клуб жұмысына өз үлестерін қосқылары келеді. «Меридиан» клубының өз жұмысын жалғастырып келе жатқаны және оған қатысушылардың көбейіп келе жатқаны өте маңызды. КПО-дан келген қонақтар клуб мүшелерінің ағылшын тілінде жоғары деңгейде сөйлей алатындарын атап өтті, ал өз кезегінде оқушылар КПО Б.В. қызметкерлеріне кездесуге келгендері үшін алғыс айтып, «Меридиан» клубының кезекті отырысына шақырды.